


# "Жасөспірімнің проблемалық мінез-құлқы. Жанжалдар және оларды шешу жолдары"



Біздің жасөспірім баламызға көзқарасымыз қандай (сыртқы келбеті, іс-әрекеттері, ой-пікірлері, дағдылары)?



## Жасөспірімдер әртүрлі қолайсыздықтардың салдарынан өзін жайсыз сезінуі мүмкін:

- ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ОРНЫҚСЫЗДЫҚ (көңіл-күйінің құбылуы);
- қатты мазасыздану (жасөспірімнің мазасыздануына себепші болатын мәселелер көп: құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастары, мектептегі оқуы, отбасындағы ересектердің проблемалары және т.б.);
- физикалық даму ерекшеліктері (бала ағзасында қарқынды өзгерістер жүреді; жасөспірімнің бойында әрдайым бақылауға көне бермейтін гормоналды өзгерістер қызу жүріп жатады).

**Жасөспірім бала бұл кезеңде ата-анасынан психологиялық бөлектенуге, өзі үшін маңызды адамдармен (көбіне бұл өзінің құрдастары) жақын қарым-қатынасқа ұмтылады. Алайда ата-анасы жасөспірімді әлі кішкентай бала ретінде қабылдайды.**



# ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢ

- Балалық шақтан кейін басталатын және жыныстық жетілуге дейін жалғасатын, 10 жастан бастап 19 жас аралығындағы, адамның есею және даму кезеңі
- Ол бүкіл өмір бойындағы ең маңызды ауысу кезеңдерінің бірі болып саналады
- Бұл кезеңде білімдері мен дағдылары дамытып, сондай-ақ эмоциялар мен өзара қарым-қатынастарды басқаруды үйреніп, жастық кезеңмен рақаттанып, ересек адамның рөлін қабылдау үшін маңызды болатын қасиеттер мен қабілеттерге ие болу үшін қажетті уақыт.

*(ДДҰ, әлем жасөспірімдерінің денсаулығы: Екінші онжылдықтағы екінші мүмкіндік)*

# ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢНІҢ НЕГІЗГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ ҚАНДАЙ?



- **Ерекшелену**: тұлға болып дамып, тәуелсіздікке ұмтылады

- **Бейімделу**: лайықты серіктес достар тауып, қатарластарының мойындағанын қалайды



- **Сәйкестену**: өзіне деген сенімділікті дамытып, алға қойған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін табады

- **Бекіту**: белгілі-бір мақсаттарға, қызмет түрлеріне және сенімдерге қол жеткізу үшін жауапкершілік алу



# Жасөспірімдік кезең және қауіпті мінез-құлық стильдері

## Зиянды әдеттер

- Темекі шегу
- Алкоголь және есірткіні қолдану

## Қоршаған орта

- Отбасы
- Сыныптастары, достары т.б

## Әлеуметтік жағдайы

- Әлеуметтік деңгейінің төмен болуы

Мұндай мінез-құлық стильдері, әдетте, бір-бірімен байланысты болады, ол балалық және жасөспірімдік шақта пайда болып, үлкейген жаста күшейе түседі. ( Балалардың қауіпті мінез-құлықтарына шолу – Америка Құрама Штаттары, 2013)



Осы кезеңде балаңызға үлкендер тарапынан неғұрлым көп шектеу қойсаңыз, соғұрлым өзіңізге зиян екенін естен шығармаңыз. Сондықтан балаңызға оның іс-әрекетіне деген көзқарасыңызды өзгертіңіз.





Сіз балаңыздың мінез-құлқы мен  
эмоционалды күйіндегі өзгерістерді  
байқай алдыңыз ба?

1

Өзінің сыртқы келбетімен ерекшелену,  
шашын әртүрлі түске бояуы

2

Ашуланшақтық, көңіл- күй тұрақсыздығы

3

Сенімсіздік, физикалық белсенділігің  
төмендеуі



## **Баланың өзін қауіпсіз және жайлы сезінуіне көмектесетін жанына жағымды сөздер:**

- Біз сені жақсы көреміз!
- Сенің қолыңнан өте көп нәрсе келеді!
- Сен біздің тірегімізсің!
- Кел, ойласайық, бірге жасайық!
- Мен саған көмектесемін ...
- Мен сенің жетістіктеріңе қуанамын!
- Біз сені мақтаныш етеміз!
- Қандай жағдай болса да, есінде болсын, біз саған әрқашан көмектесеміз және қолдаймыз.

Абай Құнанбаев «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі- ата-анадан, екіншісі-ұстаздан, үшіншісі-құрбысынан» деп, баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін факторларды нақты көрсеткен.



- **Жанжал бұл – алауыздықтардың, көзқарастардың, мүдделердің, мақсаттардың сәйкессіздіктерінің болуын ашатын жағдай.**



## Жанжалдың балаға әсері:

- Отбасындағы жанжал мен орынсыз дау-дамайлар бала психикасына әсер етеді, жанұядағы түсініспеушілік баланың бойында орнықсыз эмоциялық жайттарды тудырады. Негізінен бала қай жағынан болса да әлсіз болады. тәрбиедегі жағымсыз әрекеттер әлсіз қарсылықты күшейтеді де, ата-ана тарапынан болатын әртүрлі жазалар баланың көңіл күйінде эмоциялық орнықсыздықты тудырады, олар содан келіп өмірлік қиындықтарды көтере алмайды.



# Жанжалдың себептері:

Р.Дарендорф жанжалдың туындау себептерін 4-ке бөлді:

1) әрбір қоғам әрқашан өзгеріс күйінде болады;

2) әрбір қоғамда әрқашан жалпы жанжалға әкелетін келіспеушілік элементтері өмір сүреді;

3) қоғамның әрбір элементі оның интеграциясы мен өзгерісіне ықпал ете алады;

4) кез келген қоғам, үнемі өзінің қанаушылыққа түскен жайына қарсы күресетін қоғам мүшелерінің басқа қоғам мүшелеріне деген зорлығына негізделеді.

# ЖАНЖАЛ ТҮРЛЕРІ:

- Жеке адамның арасындағы жанжал
- Жеке адамдар арасындағы жанжал
- Жек адам мен топ арасындағы жанжал
- Топ аралық жанжал



[love-family-life.info](http://love-family-life.info)

Наша ссора, нужно подумать: А зачем?



## ЖАНЖАЛДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ:

- Жинақы және сыпайы болыңыз
- Сенімге ие болу
- Құлық танытыңыз
- Ретті пікір бірлігі
- Әңгімені қауіпті тақырыптарға бұрмаңыз
- Әрбір ұсақ нәрсені бақылап отырыңыз
- Адамдар пайда мен тиімділікті сүйеді
- Күтпеген жерден ілтипат танытып, құрмет көрсетіңіз



Бала кулазымен емес,

көзімен тәрбиеленеді.

Естігенін емес,

көргенін істейді.



**"Бізбен ешкім санасқан жоқ, бізді ешкім түсенген де жоқ. Өстік, өлген жоқпыз." дейді кейбір әкелер. Өлген жоқ рас. Нәтижесінде өзі де баласын түсінбейтін әке болып шыға келді. Нашар тамақ баланың ағзасын құртады. Ал нашар қарым- қатынас баланың психикасын құртады.**

**Ю. Гиппенрейтер.**



**Осы  
пікірмен  
келісесіз бе?  
Сіздің  
балалық  
шағыңыз  
қалай өтті?**

- Бала айналасындағылардан үйренеді.
- Баланы рухтандыру оның өзіне сенімділігін артады.
- Бала тату отбасында өмір сүріп, өзінің қажет екенін сезінетін болса, ол өзін қоршаған әлемнен махаббатты таба білуді үйренеді.



Егер бала қауіпсіздік сезімімен өмір сүрсе, ол адамдарға сеніммен қарауды үйренеді.

Егер баланы үнемі мазақтап, масқаралайтын болсақ, ол өзін кінәлі сезінуді үйренеді.

Егер балаға жиі қолдау көрсетілетін болса, ол өзіне жақсы қарауды үйренеді.

Егер балаға қамқор болсаңыз, ол шыдамды болуды үйренеді.

